

Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Түсті және қара металдардың ұтымды пайдаланылуын бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекция туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 30 желтоқсан N 1897. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.02.12. N 203 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Түсті және қара металдардың ұтымды пайдаланылуын бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекция құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 15 наурыздағы N 2118 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Түсті және қара металдардың ұтымды пайдаланылуын бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекция (бұдан әрі - Металдар жөніндегі инспекция) орталық аппараты қызметкерлерінің шекті саны 25 адам болып белгіленіп, орталық аппаратының құрылымы бекітілсін.

2. Металдар жөніндегі инспекцияға бастығының бір орынбасарын және саны 7 адам алқа ұстауына рұқсат етілсін.

3. Металдар жөніндегі инспекцияның орталық аппаратына бір қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. Металдар жөніндегі инспекцияны қаржыландыру республикалық бюджет қаржысы есебінен жүзеге асырылсын.

5. Қазақстан Республикасының Түсті және қара металдардың ұтымды пайдаланылуын бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекциясы туралы (қоса беріліп отырған) Ереже бекітілсін.

6. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі Металдар жөніндегі инспекцияның техникалық құралдар мен телефон, телекс және телефакс байланысы, соның ішінде халықаралық арналарына қажеттерін қанағаттандырсын.

7. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекараны қорғау жөніндегі мемлекеттік комитеті әскери бөлімдер мен бөлімшелерінің командирлеріне Металдар жөніндегі инспекцияға оған жүктелген міндеттерді орындауда қолдау көрсету міндеттелсін.

8. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігі қажетті ұйымдастыру техникасын, жиһаз сатып алуға және үйін

жөндеуге жыл сайын қаржы бөлінуін қарастырсын.

9. Мемлекеттік инспектордың қызметтік жалақысы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылдың 14 сәуірдегі N 474 қаулысымен (2-кесте, 8-жол) бекітілген қызмет жалақысы деңгейінде белгіленсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1995 жылғы
30 желтоқсандағы
N 1897 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Түсті және қара металдардың
ұтымды пайдаланылуын бақылау жөніндегі мемлекеттік
комиссиясы орталық аппаратының
Қ ұ р ы л ы м ы

Басшылық
Талдама және құқықтық жұмыс басқармасы
Бақылау басқармасы

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1995 жылғы
30 желтоқсандағы
N 1897 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Түсті және кара металдардың ұтымды пайдаланылуын бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекция туралы

Е р е ж е

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Түсті және қара металдардың ұтымды пайдаланылуын бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекциясы (бұдан әрі - Металдар жөніндегі инспекция) түсті және қара металдарды және олардың сынықтары мен қалдықтарын ұтымды айырып алу және пайдалануға қатысты мәселелер бойынша мемлекеттік реттеу және салааралық үйлестіруді, сондай-ақ осы мәселелер бойынша басқа арнайы, атқару, бақылау, рұқсат ету немесе қадағалау қызметтерін жүзеге асыратын атқару үкіметінің орталық органы болып табылады. Металдар жөніндегі инспекцияға тікелей басшылықты Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады.

2. Металдар жөніндегі инспекция өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарын, қаулыларын және өкімдерін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Металдар жөніндегі инспекцияның негізгі міндеттері: кәсіпорындардың түсті және кара металдарға қатысты Қазақстан Республикасының заңдарын, Президентінің Жарлықтарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын орындауына;

есепке алынбаған металдың немесе басқа да дайын өнімнің қалуын болдырмау, сондай-ақ айналадағы ортаға ауыр және улы металдар қалдықтарының және олардың тұздарының шығарылуын азайту мақсатында түсті және қара металдардың негізделіп қолданылуы, ұтымды айырылуы және пайдаланылуының техникалық негізделген нормаларға сәйкес келуіне;

айналадағы ортаны қорғау және республикалық орны толмайтын ресурстарының шығындарын азайту мақсатында заңды тұлғалар мен жеке адамдардың металл бар жабдықтар, механизмдерді және тұтыну қасиеттерінен айырылған бұйымдарды құрып, толық жинап және тапсыруына;

түсті және қара металдардың, олардың сынықтары мен қалдықтарының Қазақстан Республикасынан сыртқы шығарылуының, сондай-ақ кеден баж салықтарының толық түсуін қамтамасыз ету және металдардың мейлінше төмен бағамен сатылуын болдырмау үшін түсті және қара металдарды, олардан жасалған бұйымдарды және олардың сынықтары мен қалдықтарын экспорттау

бойынша сыртқы сауда шарттарына сарапшылық пысықтаудың қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртібінің орындалуына;

Сапасыз өнім дайындау және сату мүмкіндігін жою мақсатында өндірілетін металл мен металл өнімдерінің қолданыстағы стандарттар, ГОСТ-ат және техникалық шарттарға сәйкестігіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

Аталған мәселелер бойынша мемлекеттік бақылауды Металдар жөніндегі инспекция қолданылып жүрген заңдарға сәйкес олардың ведомстволық бағыныстылығына және меншік нысандарына қарамастан республикалық барлық кәсіпорындарында жүзеге асырады.

4. Металдар жөніндегі инспекция сынықтар жиылатын қосымша көздерді іздестіру, түсті және қара металдардың пайдалануға жарамсыз қалдықтарын анықтау, түсті және қара металдарды үнемдеу мақсатымен оларды ұқсатуға тарту мүмкіндігінің ресурстары мен бағыттарын айқындау, түсті және қара металдарды олардың сынықтары мен қалдықтарын ұтымды пайдалану мәселелері бойынша кәсіпорындарға әдістемелік және нақты көмек көрсету жұмыстарын жүргізеді.

Аталған жұмыстарды Металдар жөніндегі инспекция жұмыстардың жоспарлары мен кестелеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік актілеріне сәйкес кәсіпорындарға жүйелі түрде тексеру жүргізу а р қ ы л ы о р ы н д а й д ы .

5. Металдар жөніндегі инспекция өзіне жүктелген міндеттерді облыстардың, Алматы және Ленинск қалалары әкімдерімен және басқа да құзырлы органдармен өзара іс-қимылда шешеді.

6. Металдар жөніндегі инспекция:
инспекцияланатын кәсіпорындардың өкілдерімен бірлесіп қара, түсті металдарды пайдалану және сақтау, бұл металдардың сынықтары мен қалдықтарын пайдалану, сақтау, жинаудың жай-күйіне, сынықтар мен қалдықтардың жоспарлы ресурстарының олардың нақты тапсырылуына сәйкес келуіне тексеру жүргізуге;

түсті және қара металдарды пайдалануға, түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын дайындау, ұқсату және тасымал даумен байланысты шаруашылық қызметінің мәселелері бойынша инспекцияланған кәсіпорындардың әкімшіліктерінен материалдар, түсініктеме алуға;

түсті және қара металдарды, олардың сынықтары мен қалдықтарын пайдалануда анықталған тәртіп бұзушылықтарды жою туралы орындалу мерзімі көрсетілген олар үшін міндетті кәсіпорындарға нұсқаулар беріп, олардың у а қ т ы л ы о р ы н д а л у ы н б а қ ы л а у ғ а ;

тексерулердің және байқаулардың нәтижелері бойынша акті жасауға, сондай-ақ кәсіпорындардың басшылығына белгіленген тәртіппен түсті және қара металдарды, олардың сынықтары мен қалдықтарын пайдалану және сақтаудың

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес нормалары мен ережелерін бұзған кінәлі адамдарды қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауапкершілікке тарту жөнінде ұсыныстар енгізуге;

облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдеріне, министрліктер, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдарға, құқық қорғау органдарына кінәлілерді жауапкершілікке тарту туралы, сондай-ақ түсті және кара металдардың шығындарынан және құрамында металдар бар зиянды қоқыстар мен қалдықтардың айналадағы ортаға зиян тигізуі туралы алдын алу шаралары туралы ұсыныстар енгізуге құқылы.

7. Металдар жөніндегі инспекцияға жүктелген бақылау және басқа қызметтерді орындау туралы нұсқаулықты Металдар жөніндегі инспекцияның бастығы бекітеді.

8. Металдар жөніндегі инспекция бастығының шешіміне заңмен белгіленген тәртіпте сот органдарында шағым берілуі мүмкін.

9. Металдар жөніндегі инспекцияны мәртебесі бойынша Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік инспекторы болып табылатын Металдар жөніндегі инспекцияның бастығы басқарады және оны Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайды.

10. Металдар жөніндегі инспекцияның бастығы: бюджетте мемлекеттік органдарды ұстауға қарастырылған қаржы шегінде Металдар жөніндегі инспекцияның шығындар сметасын бекітеді; металдар жөніндегі инспекцияға жүктелген міндеттердің орындалуын жеке жауапкер береді;

түсті және кара металдардың, олардың сынықтары мен қалдықтарының ұтымды пайдалануы мәселелері бойынша металдар жөніндегі инспекцияның атынан Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында, қоғамдық және басқа ұйымдарда өкілдік етуге;

Инспекция қызметкерлерінің штаттық кестесін лауазымдық жалақылардың негізінде белгіленген еңбекақы қоры шегінде бекітеді;

Металдар жөніндегі инспекцияның қызметін жақсарту жөнінде ұсыныстарды әзірлейді.

11. Құрамында бастығы, оның орынбасары мен Инспекция орталық аппаратының, Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволарының басқа да басшы қызметкерлерінен құралған алқа Металдар жөніндегі инспекцияны ұжымдық басқару органы болып табылады. Алқаның саны мен құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

12. Металдар жөніндегі инспекцияның қызметкерлерінде арнайы куәлік болады.

13. Металдар жөніндегі инспекция Қазақстан Республикасының мемлекеттік

рәмізі бейнеленген, өзінің атауы, қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі, есеп айырысу шоты бар заңды тұлға болып табылады.

14. Металдар жөніндегі инспекцияны қайта ұйымдастыру және тарату белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК